

ӘӨЖ 371.3:316.485

**«ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ КОНФЛИКТТІ ОРТАНЫҢ АЛДЫН АЛУ
ФАКТОРЛАРЫ»**

Жарасканова Диана Дархановна

zaraskand@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Педагогика және
психология білім беру бағытының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., профессор м.а. Муталиева Ардак Шагаевна

Қазіргі таңда мектептегі конфликттің алдын алу маңызды орын алады. Өйткені, өкінішке орай, оқушылардың қауіпсіздігі артып, мектептерге дабыл мен бейнекамералар орнату және конфликтке байланысты оқушылардың қауіпсіздігі қатаң тексеру күн тәртібінде. Негізінен конфликт тақырыбы әр адамға таныс. Әр адам онымен өмірінде кем дегенде бір рет кездеседі.

Конфликт - екі немесе одан да көп тараптар арасында келісімнің болмауы. Жалпы, «конфликт» ұғымы сөздіктерде түрліше анықтама берілген. Мәселен, С.Ожеговтың түсіндірме сөздігі конфликттің жалпы қабылданған анықтамаларын ұсынады: "қарама-қарсы бағытталған мақсаттардың, мүдделердің, позициялардың, пікірлердің немесе қарсыластардың өзара әрекеттесу субъектілерінің көзқарастарының қақтығысы" [1,102 б.]. Ресейлік әлеуметтанушы А.Г.Здравомыслов "конфликт - бұл адамдардың қоғамдағы өзара әрекеттесуінің маңызды жағы, әлеуметтік болмыстың бір түрі. Конфликт қарама-қарсы құндылықтар мен нормаларға, мүдделер мен қажеттіліктерге байланысты болатын әлеуметтік әрекеттің әлеуетті немесе өзекті субъектілері арасындағы қарым-қатынас нысаны" деген [2,52 б.]. Ағылшын әлеуметтанушысы Э.Гидденс: "конфликт кезінде оның шығу тегі, тәсілдері мен құралдары әр тарапқа бөлінгеніне қарамастан, адамдар немесе топтар арасындағы нақты күресті айтамын" деген.

Оқушылардың қауіпсіздігі қазіргі таңда қатаң назарға алынады. 2021 жылы 29 маусымдағы Үкімет отырысында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мектептерде қауіпсіз орта қалыптастырудың негізгі үш міндеттерін атап айтты. Олар:

1. Барлық бейнебақылау камерасын бекітілген талаптарға сай сәйкестендіру. Қалаларда орналасқан мектептердің бейнекамераларын жедел басқару және орталықтарына қосу.

2. Барлық білім беру мекемесін дабыл түймелерімен қамтамасыз ету.

3. Қала мектептерін арнайы күзетпен қамтамасыз ету. Педагогтар мен оқушыларға төтенше жағдайлар мен террористік қауіп төнген шаралар мен алгоритмдерді енгізу, сондай-ақ психологиялық қызметтердің рөлі мен жалпы тәрбие жұмысын күшейту [3].

Дегенмен, орта мектепте қазіргі таңда конфликттік жағдайлар орын алуда. Мектепүлкен топ, ұжымға оқушылар мен мұғалімдер және ата-аналар, директор, оқу ісінің меңгерушісі және мекеменің басқа да қызметкерлері кіреді. Осы орайда бізге И.Е.Ворожейкина мен А.Я.Кибановконфликтің психологиялық мәніне сүйене отырып "Жасөспірім өмірінде және оның тобында туындайтын қиын жағдайлардың бірі " деген анықтама берген [6]. Мектептегі конфликтті мінез-құлықты зерттеу аясында олардың бірнеше түрін бөліп көрсетуге болады: мұғалімнің оқушы, жеткіншек пен ата-ана, жеткіншектердің өз арасындағы, жеткіншектер мен топ, топтар (сыныптар), тұлғааралық қақтығыс.

Мектептегі жеткіншектер арасындағы қақтығыстың әртүрлі себептері болуы мүмкін. Реніш, бәсекелестік, оқудағы артта қалу, қолдаудың жоқтығы, әлеуметтік теңсіздік – осы себептердің кез-келгені келіспеушіліктерге негіз бола алады. Көбінесе конфликт келесі жағдайларда туындайды. Оқушылар арасындағы айырмашылықтар әсіресе жеткіншектерде айқын көрінеді. Орта мектеп мұғалімдері жаңа оқушы қосылған кезде өз сыныбын мұқият қадағалап отыруы керек. Жаңа оқушы барынша сол топқа үйренуге тырысады бірақ өз орталарына үйренісіп алған жеткіншектер жаңа оқушыны қабылдамауы да мүмкін. Осылайша жеткіншектерде күйзеліс пайда болады. Мұғалім үшін бұл жағдайды уақытында тану өте маңызды.

Конфликт әсіресе өтпелі кезеңде жиі болады. Өтпелі кезең - бұл жеткіншектің өсу кезеңінде кездесетін дағдарыстардың бірі. Психологтар бұл дағдарыстың жыныстық жетілумен байланысты екенін атап өтті. Жеткіншектерде дененің қарқынды өсуі басталады, ағзадағы барлық жүйелер сәйкесінше өтпелі жағдайда жұмыс істейді. Жеткіншек өзін ересек ретінде санайды. Бірде ол бала емес, бірақ ересек те емес сезінеді. Мысалы, кейде ересек адам сияқты ойлайды, бірақ бала сияқты әрекет етеді. Осы өтпелі кезеңде жеткіншектерге қолдау аса қажет болады.

Конфликт дамуының ең көп таралған себебі – жеткіншектер арасында басшы болу мүмкіндігі үшін күрес. Көшбасшылық қасиеттері бар жеткіншек басқаларға өзінің күшін көрсетуге тырысады. Ұлдар көбінесе физикалық күш арқылы өздерінің артықшылығын дәлелдейді, ал қыздар әдемі манипуляцияны үйренеді. Бұл процесті тез және тыныш деп атауға болмайды. Кейде оқушы үшінқандай әдістердің қолайлы екенін және қайсысынан бас тартқан дұрыс екенін түсінгенге дейін бірнеше жыл өтеді.

Келесі конфликтің тағы бір себебі - реніш пен түсініспеушілік. Сыныпта әлсіз және қорғансыз адамды ренжіткен жағдайөкінішке орай бүгінде сирек емес. Бұл конфликт жеке тұлғаның сенімсіздік пен оқшаулану сияқты қасиеттерін қалыптастыруға әкеледі. Мектептегі қорқыту тек үнемі қорланған адамға ғана емес, сонымен қатар басқа жеткіншектерге де зиянды. Бір сынып оқушылары арасындағы реніш пен қорлау сөзсіз конфликтке әкеледі. Келіспеушіліктердің себебін міндетті түрде шешуталап етіледі. Сыныптағы конфликтің соңғымаңызды себебі-алғашқы махаббат. Жасөспірім кезеңінде жеткіншектер өздерінің құрдастарына қызығушылық таныта бастайды. Жас жігіт немесе қыз баласында сезім пайда болады. Бөлінбеген сезімдер күрт өзгерістерге әкелуі мүмкін: апатия, ішкі күйзеліс. Бұл жаста жауапсыз жанашырлық өте жиі кездеседі [4, 267 б]. Психологтар жеткіншек кезеңіндегі конфликтті жас дағдарысына орай болатындығымен түсіндіреді. Конфликт балаларда 10-12 жаста басталып, 17-19 жасқа толғанда аяқталады. Бұл балалардың дамуының бір сатысынан екіншісіне ауысу кезеңі. Жеткіншек кезінде баланың құрдастарымен және ересектермен қарым – қатынас құрылымында өзгерістер болады. Жеткіншектердің конфликттерінің себептері әртүрлі болуы мүмкін және оларды шешу үшін олар көбінесе ересек адамның көмегіне мұқтаж. Жеткіншек кезіндегі қақтығыстарға мыналар жатады: бағынбау, дау-дамай, өз көзқарасын басқаларға енгізу, түсінбеушілік, адамдарға менмендік пен қарау, міндеттерді орындамау, үлгерімнің төмендігі, жалқаулық [5].

Жеткіншектердегі конфликтің негізгі түрлері мен себептері:

- *адамдар арасындағы конфликт* -мұндай қақтығыс өмірге, достарға, оқуға деген құштарлықтың төмендеуіне және өзіне жақын адамдарға деген қарым-қатынастың

төмендеуіне, сенімділіктің төмендеуіне әкеледі. Сондай ақ жеткіншек күйзеліске ұшырауы мүмкін.

- *тұлғааралық конфликт* - әр түрлі көзқарастар, мінез-құлық белгілері бар адамдар бір - бірімен мүлде тіл табыса алмаса, мұндай адамдардың көзқарастары мен мақсаттары түбегейлі бір біріне қарама қайшы келеді.

- *жеке тұлға мен топ арасындағы конфликт*-топтық қатынастар ортасында пайда болады және осы қақтығыстарды басқаруда ескерілуі керек кейбір ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Егер бұл адам топтың позициясынан өзгеше позицияны алса, жанжал туындауы мүмкін.

Жеткіншектерде ата-анасыменде конфликт бар. Бала дамудың ерте кезеңінде өзінің алғашқы қақтығысын бастан кешіреді, онда оның әлемге деген сенімі немесе сенімсіздігі қалыптасады. Ата-анасына сенуге дағдыланған бала басқа ересектермен достық және қарым-қатынаста болады. Егер ата-аналар оған артық қысым жасамаса, достық қарым-қатынасты сақтаса конфликт болмайды. Жеткіншектерге қажетсіз тәжірибе туғызбайды. Бірақ егер нәресте кезінде бала көп ұрыс естіп, ата – анасынан қысым көрсе сенімсіздік пайда болады. Мұндай бала, әдетте, жабық, адамдарға көбінесе сене бермейді, өзіне сенімді емес келеді. Есейгенде бала мұндай жағдайға жиі түседі, агрессивті болады. жасөспіріммен сөйлесу, келісу өте қиын болуы мүмкін. Жеткіншектердің көбісі осы кезде өтпелі кезеңді бастан кешіріп жатады. Бала өзін мүлдем ересек сезінеді, шешімді өзім ақ қабылдай алам деген сияқты. Бұл кезде балалар ата –аналардың қысым жасағанын қаламайды өз бетімен істегісі келеді, бірақ кей ата –аналар оны түсінбейді. Бұл кезеңде олар өз өздеріне жауапкершілік ала бастайды. Іс әрекеттері өзгере бастайды, сөйлеу тәсілі, бет-әлпеті, қимылдары, мінез-құлқы өзгереді. В.А.Сухомлинскийдің айтуынша, "бұл екінші туылу сияқты. Көздер бірдей емес, дауыс бірдей емес, және бұл ең бастысы - әлемді қабылдау, адамдарға деген көзқарас, талаптар, сұраулар, мүдделер бәрі басқаша" [7,182 б].

Кез келген конфликтті шешу білу аса шеберлікті қажет етеді. Конфликтте қарсыласыңызды түсінуге тырысу, өзімізді сол қарсыласымыздың орнына қойып көру оның әсерін едәуір азайтуға әсер етеді. Мұғалімдер балалардың бір біріне деген қарым қатынастарында не сезінетінін түсінуге тырысуы керек. Кейбір ата-аналар баланы үнемі нашар оқу үлгерімі үшін айыптауды дұрыс емес. Педагогтер балалардың жағымды мінез-құлқы қасиеттерін көруге, әрінақты баламен байланыс орнатуға талпынуы, кеңес беруі, сырласуы, оқушының ата-анасымен сөйлесуі, балалар конфликтті жағдайды ересек адамның көмегінсіз өз бетінше шешсе, оны аса жарияламай, тыныштық білдіруі, балаға қысым жасамай, түсінікті тілде сөйлесуі абзал. Кейбір жағдайда педагогтер үйірмеге немесе спорт секциясына жазуды ұсына отырып, жағдайды түзетуге тырысуыда орынды. Кейде оқушыға қызықты тапсырмалар беріп, достарымен тығыз қарым-қатынас құра отыра конфликтті мәселені шеше алады.

Жеткіншектерде конфликттің әр түрлі жағдайда пайда болатындығы айқын. Олар қоғамның даму, экономикалық өзгерістердің туындау және ұлтаралық қатынастардың қалыптасу деңгейіне сәйкес өзгеріп , түрленіп отырады. Дегенмен, қоғам, отбасы, мектеп жеткіншектерде болуға ықтимал конфликттің алдын алуға болатын іс-әрекеттерді уақтылы орындауды жоспарлап, жүйелі жұмыстар жүргізуі нәтижелі болады.

Ата – ана тарапынан жеткіншекке қысым жасамауы; уақыт бөліп, ортақ тақырыптарда әңгіме құру; қызығушылықтарына орай үйірме, хобби, т.б. анықтауға қолдау көрсету; әлеуметтік ортада қарым-қатынас құра біруге арналған дағдыларды меңгертуге баулуды жолға қою қажет.

Педагог-психологтер жеткіншектерде кездесетін конфликттік жағдайлардың себеп-салдарын ғылыми тұрғыда талдау жасап түсіне алатын мамандар. Сондықтан олар ата-аналар мен жеткіншектердің ең алғашқы қолдаушысы.

Жеткіншектер тобында конфликттік жағдайларды толығымен болдырмау мүмкін емес. Дегенмен, олардың мінез-құлқын дұрыс бағытқа бағыттай алатын, деструктивті

қарама-қайшылықты сындарлы түрде аудар алатын педагогтер мен ата-аналардың даналығы мен тәжірибесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Психология современного подростка [Текст]/ Под ред. Д.И.Фельдштейна.- М.: Педагогика, 1987.- 240 с.
2. Здравомыслов А.Г. Социология конфликтов [Текст]/ А.Г. Здравомыслов.- М.: АспектПресс, 1996. - 317 с.-ISBN 5-7567-0112-5.
3. ВАQ.kz. Г.Рұманқұлова 29 Маусым 2021, 09:50
4. Гришина В.Н. Психология конфликта. – СПб.: Издательство «Питер», 2000. – 478 с
5. Аракелов Г. Г. Жариков Н. М. Учителям и родителям о психологии подростка. — М.: Просвещение, 2005. — 163 с.
6. Конюхов Н. И. Словарь-справочник по психологии. — М.: Владос, 2010—438 с.
7. Василий Сухомлинский: Сердце отдаю детям – М: Концептуал, 2018г. - 320 с.